

ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ БҰҰ БАС АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ 80-ШІ СЕССИЯСЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ДЕБАТТА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Қазіргідей алмағайып кезеңде бәріміз БҰҰ позициясының нығаюына ықпал етіп, Ұйымның құбылмалы заманға бейімделуіне қолғабыс етуіміз қажет.

Өзара түсіністік пен ынтымақтастық рухы соғыс өртін тұтандырудан басым болуға тиіс. Мемлекеттер басшылары бейбітшілікке ұмтылу жолында жауапкершілік арқалайды. Қазіргі буын көшбасшыларының әрекетсіздік танытуға еш құқығы жоқ. Өйткені оның зардабын келесі ұрпақ тартады. Осы орайда Біріккен Ұлттар ұйымын жан-жақты реформалау толассыз талқыланатын тақырып емес, нағыз стратегиялық қажеттілік екеніне назар аударғым келеді. Бізге БҰҰ-ны реформалау жөнінде нақты ұсыныс әзірлейтін жоғары кәсіби және оны еш ойланбастан алға жылжытатын пікірлестер тобын құру қажет. Ұйым бүгінгі сын-қатерлерге және ертеңгі міндеттерге сай болуы керек.

Біріккен Ұлттар Ұйымын жаңғыртуды көздейтін мұндай батыл әрекет Қауіпсіздік Кеңесін реформалаудан басталуға тиіс.

Қауіпсіздік Кеңесінің құрамына Азия, Африка және Латын Америкасындағы ірі елдердің өкілдері ротация тәртібімен ұсынылуы керек.

Сонымен қатар Қазақстан жауапкершілігі бар орта державалардың үні БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінде барынша анық естілуі қажет деп санайды. Іс жүзінде орта державалар қазірдің өзінде теңгерімді сәтқауа және өзара сенімді нығайтуға үлес қосып, халықаралық қатынаста жағымды рөл атқара бастады. Ұлы державалардың бастары бірікпегенде немесе барша адамзатты алаңдататын өзекті проблемаларды шешуге қауқарсыздық танытқанда, мұндай елдер БҰҰ аясында дөнекерге айналады. ХХІ ғасырда БҰҰ беделін көтеру үшін Ұйымға мүше мемлекеттер бейбітшілік пен қауіпсіздіктің іргесін бекемдейтін нақты қадамдар жасауға тиіс. Өйтпесе БҰҰ үнемі мәселенің салдарымен күресуден көз ашпайды. Ал проблеманың түпкі себептері үсті-үстіне көбейе береді. Біз бұл үдерісті дәл бүгіннен бастай аламыз. Ол үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысына бейіл екенімізді тағы да растауымыз қажет.

Егемендік, аумақтық тұтастық және кез келген дауды бейбіт жолмен шешу қағидаттарының бәрі мүлтіксіз сақталуға тиіс. Ұйым Жарғысын қолайына қарай қолдану оның бекітілген нұқсан келтіреді. Әлем сенімге, ашықтыққа және ортақ жауапкершілікке арқа сүйейтін жаңа консенсусқа зәру. Мысалы, Жарғыдағы Екінші дүниежүзілік соғыстан бері келе жатқан «жау мемлекет» ережесін халықаралық қоғамдастықтың басым бөлігі ескірген деп санайды. Сондықтан Жарғыны қайта қарау мәселесін талқылайтын уақыт келді. Бүгінде біз алаңдатарлық ахуалға куә болып отырмыз. Қарулануды шектейтін шарттар сақталмайды, демек, стратегиялық тұрақтылықтың да іргесі сөгіле бастады.

2024 жылы дүние жүзінде әскерді жаратқандыруға кеткен шығын 2,7 триллион долларды құрады. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Ал жаһандағы зорлық-зомбылықтың шығыны 20 триллион долларға жуықтады. Сондықтан әлемдегі қауіпсіздік архитектурасын қайта қалпына келтіру халықаралық қоғамдастық үшін ең басты басымдық болуға тиіс.

Біз ядролық қару қолдану қаупін күрт азайтуды, ядролық державалар арасындағы жоғары деңгейдегі диалогты қайта бастауды қолдаймыз, көпжақты әрекеттің жандануына күш салуымыз керек деп санаймыз. Кең көлемде алып қарасақ, соғыс-құмарлық менталитетін түп-тамырымен жоятын күрделі жұмысқа кіріскен жөн. Бұл жүзеге асыруға болатын шаруа. Бастысы, мемлекеттердің бейбітшілік жолында қанша қаржы жұмсап отырғанын мұқият бақыласақ болғаны. Қазақстан ядролық қарусыздану және жаппай қырып-жою қаруын таратпау жөніндегі жаңа диалогқа дайын. Біз Ядролық қаруды таратпау туралы шартты күшейтіп, Ядролық сынақтарға жан-жақты тыйым салу туралы шарттың орындалуына түрткі болу үшін бейресми пікір алмасуларға мән бере аламыз. Сонымен қатар біз бұған дейін айтқан Биологиялық қауіпсіздік жөніндегі халықаралық агенттік құру туралы ұсынымымызды жүзеге асыруға шақырамыз.



Қазақстан бейбіт тұрғындарға орасан зор залал келтіріп, жаһандық сенімге селкеу түсірген және халықаралық қауіпсіздікті әлсіреткен Украина айналасындағы дағдарысқа алаңдаулы. Дегенмен аталған қақтығысты тоқтату үшін екіжақты және халықаралық деңгейдегі дипломатиялық күш-жігерді жалғастырып, қос мемлекет ұзақ мерзімді мүдделеріне сай келетін саяси икемділік көрсетуі керек.

Территориялық дау-дамайды шешу ешқашан оңай болған емес. Ол келешек ұрпақтың қамы үшін екі жақтың да барынша ұстамдылық пен жауапкершілік танытуын талап етеді. Өшпенділік психологиясы қақтығысқа қатысушы тараптардың бітімге келуіне мүмкіндік қалдырмай, қай-қайсысын да құрдымға жібереді.

Газадағы гуманитарлық дағдарыстың ауқымы тіпті қорқынышты. Оған бейжай қарау мүмкін емес.

Бұл қақтығыстың тарихи тамыры тым күрделі. Біз осы жауласудың түпкі себебін ескерусіз қалдыра алмаймыз.

Қазақстан әскери іс-қимылды дереу тоқтатуға, бейбіт тұрғындарды толық қорғауға және халықаралық гуманитарлық құқық аясындағы көмектің келегісіз жетуін қамтамасыз етуге шақырады.

Біз екі мемлекеттің бейбіт қатар өмір сүруіне негізделген шешімді құптаймыз әрі БҰҰ-ның жетекші рөлін мойындаймыз.

Қазақстан Таяу Шығыстағы өңірлік бітімгерлікке бағытталған Арабтың бейбіт бастамасы, Нью-Йорк декларациясы, Ибраһим келісімі секілді дипломатиялық ұсынымдарды қолдайды. Егер көшбасшылық пен саяси ерік-жігер болса, бұл құжаттар араздықты ынтымақтастық пен ортақ игілікке айналдыруға болатынын көрсетеді. Сондай-ақ, біз АҚШ Президентінің араағайындығымен Әзербайжан мен Армения қарым-қатынасының қалыпқа түскенін ерекше ықыласпен қабыл алдық. Бұл дипломатия мен парасатты шешімнің арқасында ұзақ жылға жалғасқан кез келген қақтығысты реттеуге болатынын дәлелдеді. Қазақстан осы қағидатқа сүйеніп, дауды ушықтырғаннан гөрі дипломатияға жүгінуді, қос қолданғаннан гөрі диалог жүргізуді жөн деп санайды.

Қазіргі геосаяси шиеленіске қарап, кейбір саясаткерлер «өркенеттер қақтығысынан қашып құтыла алмаймыз» деген пікір айтып жүр. Алайда мұндай алауыздық тағдырдың жазуы емес, олардың саяси тандауы. Ғылым, медицина, спорт, дін және мәдениет сияқты жаһандық игіліктер геосаяси бәліктің құралына айналмауға тиіс. Адамзат салуға себеп болмауға жөн. Адамзат өміріндегі бұл ізгі құндылықтар бізді гуманизм идеясына біріктіреді.

Саясаткерлер жауапкершіліктен жүрдік мәлімдеме жасағанда немесе дін мен болмысты саяси ұпайын түгендеу үшін бұра тартып, ағат әрекетке барғанда сенімге селкеу түсіп, бейбітшілікке ұмтылған ерік-жігер жасиды. Анығында, саяси көшбасшылық – бір-біріне күмән-күдікпен қарап, менмендік таныту емес, өзара түсіністік пен құрметтен тұрады.

Әлемге тірек болып тұрған толеранттылық пен парасаттылық заң үстемдігіне арқа сүйеуі қажет.

Құрметті әріптестер!

Біз жікке бөлінушілік барған

сайын күшейіп, инвестиция ағынына қатысты саяси сыңаржақ ұстаным белең алғанына куә болып отырмыз. Соның салдарынан былтыр әлемдегі тікелей шетел инвестициясының көлемі 1,5 триллион долларға дейін қысқарды. Қазақстан инвестиция саласындағы халықаралық ынтымақтастық аясын кеңейтуді табанды түрде қажтайды. Тәуелсіздіктің 30 жылында ел экономикасына 400 миллиард доллардан астам қаржы тартылды.

Біз әрқашан ашық нарық қағидаттарына сүйенеміз әрі бұл мемлекеттік саясатымыздың негізгі бағыты болып қала береді.

Еуразия төсінде орналасқан Қазақстан Азия мен Еуропа арасындағы құрлық арқылы тасымалданатын жүктің 80 пайызына қызмет көрсететін логистикалық хаб ретінде шешуші рөл атқарады.

Біз көлік-транзит инфрақұрылымына, соның ішінде «Бір белдеу, бір жол» бастамасына, Солтүстік – Оңтүстік көлік дәлізіне және Транскаспий көлік бағытына ондаған миллиард доллар инвестиция саламыз.

Қазақстан қалыптасып келе жатқан жаһандық көлік жүйесінің өзегі саналатын аймақтық жеткізу тізбегін дамытуды жалғастырады. 2029 жылға дейін 5 мың шақырым жаңа теміржол салуды жоспарлап отырмыз. Еліміз Орнықты даму мақсаттарын ұлттық күн тәртібіндегі басымдықтардың бірі ретінде айқындады. Ондағы міндеттер мемлекеттік жоспарлауда және бюджет жобасын әзірлегенде ескеріледі.

БҰҰ Бас хатшысы мен Ұйымға мүше мемлекеттердің қолдауының арқасында Алматыда БҰҰ-ның Орталық Азия мен Ауғанстан үшін Орнықты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік орталығы ашылды.

Бүгінде Орталық Азияның бірлігі мен өзара сенімі жанаша сипат алып, өңір халықаралық бейбітшілік пен прогрестің белсенді қатысушысына айналды. «Орталық Азия бестігі» ынтымақтастығын нығайтуда. Сол арқылы тату көршілік дамуға да, қауіпсіздікті күшейтуге де оң септігін тигізетінін дәлелдеп отыр. Соның арқасында біздің өңір әлемдегі негізгі серіктестеріміз «Орталық Азия плюс» форматында диалог жүргізе бастады.

Қазақстан Ауғанстанның инклюзивті дамуын аймақтағы ұзақ мерзімді бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етудің кепілі деп санайды.

Біз ауған халқына гуманитарлық көмек көрсетіп, сауда, азық-түлік қауіпсіздігі, инфрақұрылым және көлік тасымалы салаларындағы ықпалдастығымызды жалғастыра береміз.

Құрметті достар!

Былтыр адамзат тарихындағы ең ыстық маусым болды. Бұл ретте Орталық Азияда ауа температурасы әлемдегі орташа көрсеткіштен екі есе жоғары екенін айтқан абзал.

Алатау мұздықтары тез ери бастады. Бұл миллиондаған халықтың су және азық-түлік қауіпсіздігіне қатер төндірді.

Қазақстан Арал қасіретінен сабақ алды. Жоспарлы іс-әрекетіміздің арқасында, соның ішінде халықаралық деңгейдегі ынтымақтастық нәтижесінде теңіздің солтүстік бөлігін сақтап қалдық.

Халықаралық Аралды құтқару қорының төрағасы ретінде еліміз бұл

маңызды бағыттағы белсенді жұмысты жалғастырады. Дегенмен Каспий теңізі күннен күнге тартылып барады. Бұл бір өңірдің ғана проблемасы емес, жаһандық деңгейде дабыл қағатын мәселеге айналды. Сондықтан аймақтағы серіктестерімізді және барша халықаралық қоғамдастықты Каспийдің су қорын сақтау үшін жедел шараларды бірлесе қабылдауға шақырамыз.

Былтыр Қазақстан Франция, Сауд Арабиясы және Дүниежүзілік банкпен бірлесіп One Water саммитін өткізді.

Болашақта су тапшылығын болдырмау мақсатында анағұрлым тығыз үйлестіру, инвестиция және орнықты шешім қажет.

Аталған мәселені күн тәртібіне шығару үшін еліміз Біріккен Ұлттар Ұйымымен және басқа халықаралық құрылымдармен серіктесе отырып, келесі жылы сәуір айында Астанада Өңірлік экологиялық саммит ұйымдас-тырады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы міндеттемелеріміз аясында елімізде «Таза Қазақстан» жалпұлттық акциясы жүзеге асырылып жатыр. Бұл қозғалыс тазалыққа, қоқыс жинауға және экологиялық ағартушылыққа атсалысатын миллиондаған еріктіні ортақ іске жұмылдырады.

Қазақстанның бастамасымен БҰҰ 2026 жылды Орнықты даму мақсаттары жолындағы Халықаралық еріктілер жылы деп жариялады. Ұйымға мүше мемлекеттердің бәрін осы маңызды бастамаға қолдау білдіріп, ынтымақтастық орнатуға шақырамыз.

Осы орайда Бас Ассамблеяға 22 сәуірді Халықаралық жер шарын қоғалдандыру күні деп жариялайтын қарар қабылдауды ұсынамын.

Қымбатты достар!

Қазақстан жасанды интеллектіні технологиялық жетістік деп қана емес, адамзат прогресіне қозғау салатын зор табыс ретінде қарастырады. Алайда жасанды интеллектіні дамытудың тәуекелдері де бар. Атап айтқанда, ол технологиялық, экономикалық және геосаяси теңсіздіктердің күшеюіне әкеледі. Сондай-ақ, этика нормалары бұл эволюцияның соңында қалып қоюына жол бермеуіміз керек.

Әділеттілік, жауапкершілік және адам құқықтарын қорғау мәселелері жедел әрі нақты шешілуі тиіс. Бұл үшін әр ел ЖИ артықшылықтарын пайдалана алатындай ұжымдық күш-жігер қажет.

Қазақстан БҰҰ аясында Жасанды интеллектіні басқару бойынша жаһандық диалогтың басталуын қолдайды. ЖИ саласындағы қауіпсіздік, инклюзивтілік және адамға бағдарлану міндетті түрде ескерілуі үшін аталған платформа жұмысына белсенді түрде атсалысуға дайынбыз.

Қазақстанда жасанды интеллект экономика мен мемлекеттік қызмет көрсетудің барлық секторына енгізіледі. Қазірдің өзінде оны жүзеге асырудың базалық инфрақұрылымы жасақталып жатыр. Дарынды жас мамандарымыз мұны іске асыруға әзір.

Біздің стратегиялық мақсатымыз – үш жылдың ішінде Қазақстанды толық цифрланған елге айналдыру.

Жаппай цифрландыру және жасанды интеллектіні кеңінен қолдану еліміздің ұлттық басымдығына айналды. Электрондық үкімет ұлттық даму стратегиямыздың негізгі элементі сана-

лады. Мемлекеттік қызмет көрсетудің шамамен 90 пайызы цифрлық форматта ұсынылады. Жуырда Қазақстанда ең қуатты ұлттық суперкомпьютер іске қосылды. Дегенмен ЖИ мен автоматтандыру көптеген елде жұмыс орындарының қысқаруына әкелуі мүмкін. Сондықтан цифрлық прогрессе кәсіптік білім берумен қатар жүргізілуі қажет.

Қазақстан жұмыспен қамтуды арттырып қана қоймай, кәсіптік мамандықтардың мәртебесін көтеруді аса маңызды деп санайды.

Ханымдар мен мырзалар!

Жаһанда тұрақсыздық белең алған кезеңде Әділетті Қазақстан құруды көздеген жаңғыру саясатын батыл жүргізіп жатырмыз.

Соңғы үш жылда біздің аймақта бұрын-соңды болмаған саяси және экономикалық реформалар жасалды.

Жалпұлттық референдум арқылы Президентті жеті жылға бір мерзімге сайлайтын норма енгізілді. Бұл демократия қағидаттарына сай есептілікті күшейтеді. Біз «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласын ұстанамыз. Қазақстанды жаңғырту ұстанымын басшылыққа ала отырып, елімізде бір палаталы Парламент құру мәселесін жалпұлттық референдумға шығаруды ұсындым. Мақсатымыз – саяси жүйенің қоғам сұранысына сай ашықтығы мен тиімділігін арттырып, оны ұдайы жетілдіру. Бұл реформалардың басты қағидасы: Заң және тәртіп бәрінен жоғары тұруы керек.

Біз парасаттылыққа және заң үстемдігіне арқа сүйейтін басқару жүйесі ғана қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етіп, азаматтардың құқығын қорғауға мүмкіндік береді деп санаймыз.

Бұл халықаралық инвестицияларға, сауда байланысына және елдің қарқынды дамуына оңтайлы жағдай жасайды. Занды мүлтіксіз сақтайтын азаматтардың мүддесін қорғау – әділеттілікке, есеп беруге және өзара құрметке негізделген басты басымдықтарымыздың бірі.

Қазақстан экономикасы тұрақты дамып келеді. Биыл экономикалық өсім 6 пайыздан асады деп күтілуде. Бұл біздің аймақтағы ең ірі экономиканың орнықтылығын қуаттай түседі. Дегенмен бұл жетістіктерге тоқмелейсуге болмайды. Біз ұзақ мерзімді дамуға бағытталған күш-жігерді жалғастырамыз. Қазақстанның энергетикалық стратегиясы төрт салаға негізделген: мұнай-газ, көмір, уран және аса маңызды минералдар. Бұл құнды ресурстар сенімді энергетикалық серіктестіктің негізі бола алады.

Климат өзгерісі мен «жасыл» күн тәртібін көмір кені секілді орасан зор энергетикалық ресурсқа бай елдер қабылдай бермейді. Өйткені бүгінде озық технологияның арқасында оны тазаланған күйінде пайдалануға болады. Сондықтан біз 35 жыл ішінде елімізді декarbonизациялау жөнінде міндеттеме алдық. Тек жаңартылатын энергия көмегімен бүкіл энергетикалық мәселені шешу мүмкін емес.

Ауыл шаруашылығы – әлемдік нарықта зор әлеуетке ие жетекші саламыздың бірі. Қазақстанның астық экспортындағы әлеуеті – 12 миллион тонна. Бұл халықаралық нарықтың басым бөлігін қамтиды және көлік байланыстарын жақсарту есебінен сауданы кеңейтудің жаңа мүмкіндіктеріне жол ашады. Біз сыртқы саудамыздың инклюзивтілігі мен орнықтылығын қамтамасыз ете отырып, оны одан әрі әртараптандыру мақсатында барлық негізгі халықаралық серіктестерімізбен және аймақтағы мүдделі елдермен ынтымақтастықты жалғастырамыз.

Жоғары Мәртебелі!

Ел ішіндегі мемлекеттік басқару реформаларын тереңдету және шетелдегі жаһандық басқаруды қолдау – басты бағдарымыз. Біз бұл бағытты берік ұстанамыз.

Қазақстан араағайындық және бітімгер рөлін жалғастырады. Біздің тандауымыз үстемдік емес – тепе-теңдік, жіктелу емес – ынтымақтастық, соғыс емес – бейбітшілік.

Біз халықаралық қоғамдастықтың басқа да мүшелерімен бірлесе отырып, Біріккен Ұлттар Ұйымының бейбітшілік, әділеттілік және ынтымақтастық шамшырағы екенін растауға дайынбыз.

Рақмет!

Аудан әкімінің, аудан әкімі орынбасарларының және аппарат басшысының 2025 жылдың IV тоқсанына жеке және заңды тұлғаларды жеке сұрақтарымен қабылдау КЕСТЕСІ

Аты-жөні	Атқаратын қызметі	Айлар атауы			Қабылдау бөлмелерінің телефоны
		Қазан	Қараша	Желтоқсан	
ЕСІРКЕПОВ Ернар Серікәліұлы	Аудан әкімі	әр ай сайын, екінші аптаның жұма күндері 15.00-17.00	әр ай сайын, екінші аптаның жұма күндері 15.00-17.00	әр ай сайын, екінші аптаның жұма күндері 15.00-17.00	2-16-34
ЕСПЕНОВ Ергазы Жұмабекұлы	Аудан әкімінің орынбасары	әр аптаның дүйсенбі, сәрсенбі күндері 10.00-12.00	әр аптаның дүйсенбі, сәрсенбі күндері 10.00-12.00	әр аптаның дүйсенбі, сәрсенбі күндері 10.00-12.00	2-11-41
ТАСЕМЕНОВ Айбек Жаханбайұлы	Аудан әкімінің орынбасары	әр аптаның сейсенбі, бейсенбі күндері 10.00-12.00	әр аптаның сейсенбі, бейсенбі күндері 10.00-12.00	әр аптаның сейсенбі, бейсенбі күндері 10.00-12.00	2-26-16
	Аудан әкімінің орынбасары	әр аптаның сәрсенбі, бейсенбі күндері 9.00-11.00	әр аптаның сәрсенбі, бейсенбі күндері 9.00-11.00	әр аптаның сәрсенбі, бейсенбі күндері 9.00-11.00	2-23-61
ҚҰРАЛБАЕВ Ернар Сәбитбекұлы	Аппарат басшысы	әр аптаның дүйсенбі 17.00-18.00 жұма күндері 9.00-10.00	әр аптаның дүйсенбі 17.00-18.00 жұма күндері 9.00-10.00	әр аптаның дүйсенбі 17.00-18.00 жұма күндері 9.00-10.00	2-14-91

ЕСКЕРТУ: Аудан әкімінің, аудан әкімі орынбасарларының және аппарат басшысының жеке қабылдауына жеке және заңды тұлғалар алдын ала жазылады. Ол үшін аудан әкімі аппаратының құжаттама және бақылау бөлімшесіне қайырылуларыңыз қажет. Мекенжайы: Құлан ауылы, Жібек жолы көшесі №75, 1 қабат, 108 бөлме.

Г Р А Ф И К

приема физических и юридических лиц по личным вопросам акима района Т.Рыскулова, его заместителей и руководителя аппарата на IV квартал 2025 года

Ф.И.О.	Должность	Месяц			Телефон приемной
		Октябрь	Ноябрь	Декабрь	
ЕСІРКЕПОВ Ернар Серикалиевич	Аким района	Каждая вторая пятница месяца 15.00-17.00	Каждая вторая пятница месяца 15.00-17.00	Каждая вторая пятница месяца 15.00-17.00	2-16-34
ЕСПЕНОВ Ергазы Жұмабекович	Заместитель акима района	Каждый понедельник и среда 10.00-12.00	Каждый понедельник и среда 10.00-12.00	Каждый понедельник и среда 10.00-12.00	2-11-41
ТАСЕМЕНОВ Айбек Жаханбайұлы	Заместитель акима района	Каждый вторник и четверг 10.00-12.00	Каждый вторник и четверг 10.00-12.00	Каждый вторник и четверг 10.00-12.00	2-26-16
	Заместитель акима района	Каждый среда и четверг 9.00-11.00	Каждый среда и четверг 09.00-11.00	Каждый среда и четверг 09.00-11.00	2-23-61
ҚҰРАЛБАЕВ Ернар Сабитбекович	Руководитель аппарата акима	Каждый понедельник 17.00-18.00, и пятница 9.00-10.00	Каждый понедельник 17.00-18.00, и пятница 9.00-10.00	Каждый понедельник 17.00-18.00, и пятница 9.00-10.00	2-14-91

ВНИМАНИЕ: Физическим и юридическим лицам для личного приема к акиму района, заместителям акима района и руководителю аппарата необходимо зарегистрироваться заранее. Для этого необходимо обратиться в отдел документации и контроля акимата района по адресу: село Кулан, улица Жибек жолы №75, 1 этаж, каб. 108.

ҚАУІПСІЗ ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫ!

- Жыл сайын өрт қауіпті кезеңінен кейін, әп-сәтте жылыту маусымына дайындық басталады. Тұрмыстық өрттердің тұрғын үй және пәтерлерде ұлғайыы байқалады. Олардың шығу себептерінің ең көп кездесетіні өрт қауіпсіздік ережелерінің жылыту жүйелерін және аспаптарын пайдалануда, пеш жүйелерінің ақауы, электр жүйесінің артық жүктелуінде. Сондықтан да өрт сияқты алапат жауыздың алдын алуға ерте күннен бастап, жалпы алғанда қарапайым өрт қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, күресуге болатынын тағы да естеріңізге саламыз.

Келенсіз оқиғаларды болдырмау үшін төмендегілерді орындаған жөн: – пешті және басқа да жылыту аспаптары мен жүйелері жағатын мерзім алдында жөнделіп және тексерілуі қажет; – түтін шығатын мұржалар мен пештерді от жағардан бұрын және от жағу мерзімі аяқталғанға дейін 3 айда бір рет тазалап отыру қажет; – шатырдағы түтін өтетін арналар мен бағырлық түтін мұржалардың қабырғаларын әктеу қажет; – пештің от жағар қақпағының түбіндегі еденге өлшемі 50х70 см болатын металл қаңылтыр орнату керек;



– түтін өтетін арналар мен мұржа қабырғаларының сылақтары бұзылған жағдайда тез арада қалпына келтіру шаралары қарастырылуы керек; – қатты отынмен жанатын пештердің түтін шығатын мұржаларын ұшқын сөндіретін құралдармен жабдықтау қажет. **Тыйым салынады:** – жанып жатқан пештің қасында, кішкентай балаларды қараусыз қалдыруға; – отынды басқа да жанғыш заттарды және материалдарды пештің алдында қалдыруға; – пешті жағу үшін бензин, керосин, дизель отынын және басқа да тез тұтанғыш және жанғыш сұйықтық-

тырды қолдануға; – пештерге арналмаған отынның мына түрлерімен: көмірмен, кокспен және газбен жағуға; – пешті қатты қыздырып жағуға болмайды. Өрт немесе жану оқиғасы болған жағдайда тез арада «101», «112» хабарлап, өртті сөндіруге және адамдар мен бағалы заттарды қауіпсіз жерге көшіруге шаралар қолдану қажет. Өз баспаналарыңыздың тыныштығы және аман қалуы тек өздеріңізге байланысты екенін естеріңізден шығармаңыздар.

АУДАНДЫҚ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Интергаз Орталық Азия» АҚ «Тараз» МГҚБ филиалы экологиялық құжаттама материалдары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды. Атмосфераны ластаушы заттардың рұқсат етілген шығарындылар нормативтерін түзету жобасы, рұқсат етілген ағындылар нормативтерінің жобасы, қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, 2025-2032 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау іс-шаралары жоспары. Экологиялық рұқсатты ресімдеу.

Әсер ету аумағы: Жамбыл облысы, Тұрар Рысқұлов ауданы, а. Ақыртөбе (42°59'28"с. е. 72°06'04" ш.б.).

Участоктың географиялық координаттары: 43°01'21"с. е. 72°07'32" ш.б.

Тыңдау өтеді: 2025 ж. 06 қараша, 11:00, мекенжайы: Жамбыл облысы, Жамбыл облысы, Тұрар Рысқұлов ауданы, Ақыртөбе а. о., Ақыртөбе а., Сейталы Ахмет к. 45 Г, мәдениет үйінің ғимаратында.

Жобаның материалдарымен [ndbecology.gov.kz](https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat) сайтында және ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat> «Қоғамдық тыңдалымдар» бөлімінде танысуға болады.

Барлық ескертулер мен/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізу күніне дейін 3 жұмыс күні ішінде [ndbecology.gov.kz](https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat) сайтында, сондай-ақ ММ «Жамбыл облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасында», мекен-жайы: Тараз қ., Абая көшесі 133А, тел. 8 (7262) 45-45-78, s.agabek@zhambyl.gov.kz қабылданады.

Бастамашысы: «Интергаз Орталық Азия» АҚ «Тараз» МГҚБ филиалы, БСН: 110141014625

Мекенжайы: ҚР, Тараз қаласы, Койгелді көшесі, 177

Телефон: +77016662346, g.konasheva@ica.kz

Жоба әзірлеуші: «Еңбек қорғау қауіпсіздігі және өндірістік қауіпсіздігі бойынша зерттеу орталығы» ЖШС.

Мекенжайы: ҚР, Астана қ., Есіл ауданы, Е 887 көшесі, 13 үй БСН 110640009215

Анықтама үшін пошта және телефон: toocentr@mail.ru; +77015558633

Қоғамдық тыңдаулар ашық жиналыс және бейнеконференция форматында өткізіледі.

Онлайн тыңдауларға қатысу үшін Qosyl сілтемесі арқылы қосылу қажет: <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=960560937060>

Кездесу идентификаторы: 960-560-937-060

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Филиал УМГ «Тараз» АО «Интергаз Центральная Азия» сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по материалам экологической документации: Корректировка проекта нормативов допустимых выбросов загрязняющих веществ в атмосферу, проекта нормативно допустимых сбросов, программа управления отходами, программа производственного экологического контроля, план мероприятий по охране окружающей среды для Филиала УМГ «Тараз» на 2025 – 2032 гг. Оформление экологического разрешения.

Территория воздействия: Жамбылская область, район Турара Рыскулова, с.Ақыртөбе (42°59'28" с. ш. 72°06'04" в. д.).

Географические координаты участка: 43°01'21"с. ш. 72°07'32" в.д.

Слушания будут проведены: 06.11.2025 г., 11:00, по адресу: Жамбылская область, район Турара Рыскулова, Ақыртобинский с.о., с.Ақыртөбе, в здании Дома культуры ул. Сейталы Ахмет 45 Г

С материалами проекта можно ознакомиться на сайте [ndbecology.gov.kz](https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat) и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat> в разделе «Общественные слушания».

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на сайте [ndbecology.gov.kz](https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat), а также в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Жамбылской области», по адресу: г.Тараз, ул.Абая 133А, тел. 8 (7262) 45-45-78, s.agabek@zhambyl.gov.kz

Инициатор: Филиал УМГ «Тараз» АО «Интергаз Центральная Азия».

БИН: 110141014625

Адрес: РК, г.Тараз, ул.Койгельды,177

Тел.: +77016662346, g.konasheva@ica.kz

Разработчик: ТОО «Исследовательский центр по безопасности охране труда и промышленной безопасности».

Адрес: РК, г. Астана, р-н Есиль, ул. Е 887, д. 13 БИН 110640009215

Эл. почта и телефон для справок: toocentr@mail.ru; +77015558633

Общественные слушания проводятся в формате открытого собрания и видеоконференцсвязи.

Для участия в слушаниях онлайн необходимо подключиться Qosyl по ссылке: <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=960560937060>

Идентификатор встречи: 960-560-937-060

ҚҰЛАҚАҒЫС

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушысының 2014 жылғы 27 ақпандағы No 18-03/157 бұйрығымен бекітілген аң аулау қағидасына сәйкес, 2025 жылғы 6 қыркүйектен бастап құстарға және аңшылық нысаны болып табылатын жануарлардың басқа түрлеріне Қазақстан Республикасының аумағында аң аулау қағидаларында белгіленген мерзімдерде аңшылық шаруашылықтарда ғана аңшылық жасауға рұқсат берілгені және Жамбыл облыстық орман және аңшылық шаруашылығы аумақтық инспекциясының 2025 жылғы 28 тамыздағы №26-Ө бұйрығы назарға алынып, аңшылық маусымы ашылуына байланысты аңшылық алқаптардың аумақтарында аңшылық жасау ережелерінің сақталуын қадағалау, заңсыз аңшылықты болдырмау және броконьерліктің алдын-алу мақсатында Жамбыл облысы Т.Рысқұлов аудандық жергілікті полиция бөлімімен бірлесе бірлескен іс-шара жұмыстары жүргізіледі.

Аумақтағы аңшылық алқаптардың резервтік қорында және бекітілмеген аңшылық алқаптарда құстармен қоса басқа жабайы аңдарға аңшылық жасауға жол берілмейтінін, құқық бұзушылық жасағандар Қазақстан Республикасының заңдарына сай жауапкершілікке тартылатындарын, аң аулау кезінде аңшылық алқаптарда техникалық, өрт қауіпсіздігі талаптарының орындалуын қатан ескертеміз.

М.БОРАНШЫ,
Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының Луговой ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекемесінің аңшылықтану маманы.

Ақ тілек!

Қыркүйек айының 24-і күні Абай ауылының тұрғыны, асыл азамат, ардақты әке **САУЫТБЕК МӨТКЕРІМҰЛЫ ИМАНБАЕВ 70** жасқа толып отыр. Ол өмірінің әр кезеңінде ел үшін жауапты да маңызды қызметтерді атқарып, шаруашылықты басқару саласында өз орнын қалдырды. Адамға ерекше қасиет, телегей-теңіз дарын бергенде, Алла Тағала оның кескін-келбетін, болмыс-бітімін, түр-тұлғасын, жүріс-тұрысын, кесімді сөзін, ой толғамдарын соған сай етіп берген.

Сауытбек Иманбаев үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білген отбасына үлгілі отағасы ғана емес, ағайын-туыстың бірлігін ойлап үлкен істердің басында жүрген көшбасшы, ортамыздағы бетке ұстар азамат. Ақылшы ағайымызға айналған бауырымыздың отбасына амандық, саулық тілей отыра, көпшіліктің алғысы мен құрметіне бөленіп, немере-шөберенің қызығына кенеліп, ұзақ жасай беріңіз дегіміз келеді.

Тілек білдіруші: «Аққойлы қоғамдық қайырымдылық» қоры.



Басқосу

Жақсы бастама әлі де жалғасады

Мемлекет басшысының «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасын іске асыру аясында аудан әкімі Ернар Есіркеповтің ауылдық округ әкімдері, мектеп директорлары, қоғамдастықтар, ардагерлер кеңестері мен учаскелік полиция инспекторларының өкілдерімен кездесулері жалғасуда.

Жақында аудан әкімдігінде өткен жиында аудан әкімі Жанатұрмыс және Тереңөзек ауылдық округтерінің әкімдерімен және өзге де өкілдермен кездесті. Жиында ауылдардың әлеуметтік-экономикалық даму қарқыны, көмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу, «Таза Қазақстан» экологиялық акцияларына тұрғындарды тарту мәселелері қаралды. Сондай-ақ, ауылдарда өтіп жатқан іс-шаралар мен тұрмысы төмен азаматтарға жергілікті тұрғындардың қолдау көрсетуі де сөз болды.

Қорытындысында аудан әкімі көтерілген мәселелерді тыңдап, жауапты бөлім басшыларына нақты тапсырмалар берді.

«ҚҰЛАН МЕДИА» АҚПАРАТ.

Үндеу

«ҚАРТТАРЫМЫЗДЫ ҚАМҚОРЛАЙ ЖҮРЕЙІК» АЙЛЫҚ АКЦИЯСЫНА ҚАТЫСУҒА ШАҚЫРАМЫЗ

Құрметті қазақстандықтар!

І қазан – Халықаралық қарттар күні жақындап келеді. Бұл күн біздің аға буынға ризашылығымызды білдіріп, шынайы көңіл бөлуімізге мүмкіндік беріп қана қоймай, олардың қажеттіліктеріне назар аударуға жақсы себеп. Қарияларды қолдау, оларға қамқорлық көрсету аға буынға көрсеткен парызымыздың аз ғана бөлігі. «Ардагерлер ұйымы» республикалық

қоғамдық бірлестігінің бастамасымен жылдар бойы елімізде қазан айы «Қарттарымызды қамқорлай жүрейік» айлығы акциясына ұласып келеді. Қазақ халқының дәстүрінде үлкенді сыйлап, ақылын тыңдап, алдынан көлденен өтпеген. Елімізде қарт адамдарға деген қамқорлық жыл сайын артууда.

Мемлекетіміз қарт адамдарға деген қамқорлықты экономикалық дағдарыс кезінде де тоқтатқан емес. Дегенмен

елімізде әлі де болса әлумаулеттік көмекке мұқтаж егде адамдар бар.

Әлемді жайлаған экономикалық қиындықтар біздің елімізді де айналып өткен жоқ. Бүкіл әлем күрделі әрі маңызды кезенді бастан өткізуде.

Кейбір қариялар жасы үлғайған шағында жылулық пен мейрімге зәру. Барлық қазақстандықтарды, жұмыс берушілерді, бизнес құрылым өкілдерін, аға буынның ел игілі «Қарттарымызды

қамқорлай жүрейік» айлық акциясына атсалысуға шақырамыз.

Өз елінің патриоты ретінде акцияға бей-жай қарамайтын азаматтар жергілікті әкімдіктермен, өңірлік ардагерлер кеңестерімен байланысқа шығып үлестеріңізді қосыңыздар.

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің орталық кеңесі.

Бала тәрбиесі - баршаға ортақ жауапкершілік

Аудандық білім бөліміне қарасты Құлан мектеп-гимназиясы мен №6 мектеп-гимназиясында оқушылар арасында түсіндіру жұмыстары жалғасын тапты.

Ардагерлер кеңесі, қоғамдық кеңес мүшелері және сала мамандарынан құралған арнайы топ жасөспірімдерге буллингтің салдары мен зардаптарын түсіндіріп, бейнероликтер көрсетті. Сондай-ақ, жаднамалар таратылып, өмірлік маңызы бар ақыл-кеңестер берілді. Бұл шара – жасөспірімдер арасында буллингтің алдын алу мен олардың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған.

Аталған жұмыстар алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасып, барлық білім беру ұйымдарын қамтитын болады.

Ақжарқын ТОҚСАНБАЙ.



ШАНШАРХАН.

№1 мектеп-лицейінің 7 «Б» сынып оқушысы Каусар Тілен өлең жазды. Шығармашылыққа жаны құмар алғыр оқушыны осы мектеп-лицейдің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Насихат Садибекова алға сүйреп, бағыт-бағдар беріп жүр. Алғыр оқушының жүрегін жарып шыққан, жүрекке жылы тиетін сырлы өлеңдерін біз сіздердің назарларыңызға ұсынуы жөн көрдік.

Адамзат

Не болған бұл адамдарға?
Дым жақтырмас жандарға.
Сұрасаң көмек нәрсені,
Өзімің болып қалғаны.

Көрсө бір сұлу адамды,
Көре алмай жамандап қалады.
Бір-бірімен таласып,
Бәріне мақтанып алады.

* * *

Ұстаз

Маңызды емес кім болса да,
Білім берген әр адамға.
Ұстаз жаны бар болғаны,
Арқа болған барлық жсанға.

Ақылсыз болып келгенді,
Ақылды қылып жеткізген.
Ұстаз күші бар күштен,
Алып жесіп жеткізді.

Талай мінез келеді,
Оны шыдап өтеді.
Қара шаштарын ағартып,
Бала ақылын жетілдіреді.

* * *

Достық

Шын достық күші,
Шексіз маңызды мәнді.
Өткен уақыт әр күнгі,
Бәріне толған нұр төкті.

Бірге жылап,бірге күлген,
Достықпен өткен күндер.
Өтпей тығыз созып көмек,,
Қуанып бірге жүрген күндер.

Б і л
әлімсақтан бері
«бір Құдай» деген, Мұхаммед
пайғамбарымызды (оған Алланың
салауаты мен сәлемі болсын) жақсы көрген,
әулиені қадірлеп, құрмет еткен халықпыз. Алланың
ықыласты құлдары әулиелерге тіл тигізу ауыр іс екенін
жадыда сақтаған елміз. Құдайға, пайғамбарға, әулиеге тіл
тигізу мұсылманның ісі емес.

Жүрегі таза адамның тілінен әдемі сөз шығады...

Шариғатымыз адамның сөзі мен ісінің жақсы болғанын қалайды. Тіл – Алланың адам баласына берген ең үлкен сыйы. Дініміз жақсы сөз сөйлеуге бұйырады. Алла Тағала Құранда: «Уа, иман келтіргендер! Алладан қорқындар да, дұрыс сөз сөйлендер» – деп әмір етеді («Ахзаб» сүресі, 70-аят). Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде: «Қиямет күні кісінің таразыға ауыр басатын нәрсесі – көркем әдебі. Сөзсіз Алла Тағала боқауыз, былапыт сөз айтушы кісіге ашуы келеді» – дейді. Тағы бір хадисте: «Кімде-кім Алла Тағалаға және ақырет күніне иман келтірсе, жақсы сөз сөйлесін немесе үндемесін», – деп насихат еткен.

Хазіреті Әли (Алла оған разы болсын): «Жүрегі таза адамның тілінен әдемі сөз шығады» – деп айтқан. Адам ауыздан шығатын әрбір сөзге сақтықпен қарап, абайлап сөйлеуі керек. Аузым бар екен деп Құдайға, пайғамбарға, әулиеге тіл тигізіп, күнға баппауы қажет. Жақсы сөздің сауабы болғанындай, айтылған жаман сөздің де күнәсі жазылады. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Адам Алла разы болатын бір сөзді, әншейін айта салады да, сол себепті Алла оның дәрежесін көтереді. Ал басқа бір адам Алла разы болмаған (кәріне ұшырататын) бір сөзді айта салады да, сол себепті Алла оны жәһаннамның түбіне лақтырады», – дейді.

Халқымызда «Жақсы сөз жарым ырыс», «Жақсы сөз – жан азығы», «Басқа бәле – тілден» – деген сөздер бар. Сондықтан бабаларымыз ұрпақты мұндай күнәлі істерден тыйып, күпірлік әрекеттерге кетуден абай болуға шақырған.

МЕЙІРЖАН РАХЫМБАЕВ,
аудандық «Сұлтан» мешітінің
наиб имамы.

Алтынай үшін бұл іс - тек табыс көзі емес, жүрек қалауы



уақытта ауданымыздағы балалардың саулығын нығайтуға үлес қоса отырып, қызмет аясын кеңейтуді де жоспарлап отыр.

**Ақжарқын МҰРАТБЕКҚЫЗЫ.**

МЕНШІК ИЕСІ:

«Тұрар Рысқұлов аудандық «Құлан таңы» газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Директор:

Ерсұлтан Шойбек.

Бас редактор:

Нұрлан Бықыбаев.

Тілші:

Марат Диханбай.

Дизайнерлер:

Перизат Кабираева.

Фархат Есімқұлов.

Редакция телефоны:

– 8 (72631) 4-04-66

Бухгалтерия:

Ақмарал Сариева.

Корректор:

Айнұр Диханова.

Фототілші:

Ербол Уазиев.

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына екі рет сейсенбі және жұма күндері шығады.

Газет «Құлан таңы» редакциясының компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «Қанатты қалам әлемі» ЖШС баспаханасында басылды. 48-40-39, Тараз қаласы, Төле би көшесі 36 «б». Тел: 43-56-97.

Газет Қазақстан Республикасы ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 26.12.2018 жылы қайта тіркеліп, тіркеу туралы № 17421-Г куәлігі берілген.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

080900, Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы, Құлан ауылы, Жібек жолы көшесі, № 34 үй. E-mail: kulan_tany70@mail.ru

Ⓐ – материалдың жариялану ақысы төленген.

Редакция автордың көзқарасы, жарнама мазмұны үшін жауап бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап қайтарылмайды.

ТАРАЛЫМЫ: 2388.

Көлемі: 1 баспа табақ

Тапсырыс: №73.

Нөмірдің кезекшісі:

Динара Асылханқызы.